

«Жарылқасын» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық кеңес хаттамалары

2022-2023 оқу жылы

Педагогикалық кеңестің

№1 хаттамасы

Өткізілген мерзімі: 31.08.2022ж

Қатысқандар :8

Қатыспағаны -0

Меңгеруші: Бектыбаева Улжан Ундурусовна
Әдіскер Басынбекова Латифа Умиртаевна
Психолог: Атабаева Эльмира Сакеновна
Тәрбиеші: Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші: Омарова Атиргул Ануарбековна
Тәрбиеші: Эшматова Дильфуза Элмуратовна
Тәрбиеші: Нурбекова Салима Умиртаевна
Тәрбиеші: Кулшанбаева Наргиза Сагикызы

Тақырыбы «2022-2023 жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысын қортындылау.
2. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексеру қорытындысы).
3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республика Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 бұйрығы және талаптарымен таныстыру.
4. 2022 –2023 оқу жылының жылдық жоспарын, ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесін, перспективалық жоспарын, вариативтік компонент бөлімін жоспарлау, бекіту.
 - Топтарға жауапты тәрбиеші бекіту .
 - Шығармашылық тақырып бекіту.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
6. Біліктілік санаттардың 2022–2023 оқу жылында аттестаттау комиссиясын өтініш беріп портфолио дайындау және аттестациядан өтетін педагогтар құжатарын жүктеу.
7. Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелерін бекіту және жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды: Балабақша басшысы У.Бектыбаева жаңа оқу жылындағы алғашқы педагогикалық кеңесті ашық деп жариялай отырып, қаралатын күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші сұрақ бойынша: Балабақша әдіскері Л.Басынбекова - биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті.

Осы оқу жылындағы жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жоспарлануы, жоспарға сәйкес орындалуы туралы мәлімдеме жасады. жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті.

Жоспарланған жоспар бойынша балаларға жеміс-жидектер, шырындар беріліп, таза ауада көп уақыттарын өткізді, оқу қызметтері жазғы маусымдық кестеге сай жүргізілді.

Ауру-сырқаудан аман болды. Балабақшамызда жаз мезгіліне дұрыс жасалған күн режимі мен жақсы жолға қойылған балалардың күтімі баланы балабақшада өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік берді. Балалардың денсаулығын нығайту, жарақаттануына жол бермеу жұмыстары сақталы отырылды. Балалардың жұмыс жасау қабілетін жалықтырып шаршатып алмау үшін де, тәрбиешілер жұмыс жоспарын қызықты етіп жоспарлады. Ертеңгілік қойылымдар қойылды, спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті деп ойлаймын. Балабақша тәрбиеші-мамандардың жазғы жұмысын талдап, қорытынды жасады.

(Жазғы сауықтыру шараларының есебі қоса тіркелді.)

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Л.Басынбекова балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына қатысты шолу тексеру қорытындысын жариялады. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы анықтамасын ұсынды. Барлық топ тәрбиешілері балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топты жабдықтауға көңіл бөлген. Топтарда заттық-дамытушы ортаны толықтыруға қатысты ұсыныстар берілді. (анықтамалары қоса тіркелді)

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 бұйрығы және талаптарымен таныстырды. Осы орайда балабақша басшысы биылғы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыра отырып, осы нұсқау хатпен ұсынылған нормативтік құжаттарды басшылыққа алу қажет екендігін атап өтті. Педагогикалық қызмет барысы стандарт пен бағдарламаны негізге ала отырып жүзеге асатынына көңіл бөлді.

Төртінші мәселе бойынша Балабақша әдіскері Л.Басынбекова сөйледі.

Мектепке дейінгі ұйымның жаңа 2022-2023 оқу жылына құрылған жылдық жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, перспективалық жоспары, вариативтік компонент бөлімінің жоспары таныстырылып, талқыланды. Жылдық жоспарда педагогикалық кеңес, семинар, жас мамандармен жұмыс бағыттары атап өтілді. Жылдық міндетке сәйкес шаралар, ашық көрсетілімдер, жауапты тұлғалар белгіленді.

Балабақша топтарының перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі қаралды және бекітілді. Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның вариативтік бөлім жоспарлары талқыланды. «Бәйтерек» мад тобына вариативтік компонентке «Ерте ерте ертеде», іс-әрекетіне алынды және осы бағытта жоспарлары бекітілді.

Биылғы 2022-2023 оқу жылында ата-аналардың сұрауы бойынша мектеп алды даярлық орыс тобы ашылды. «Қошақан» кіші топтың атауы «Балапан» болып өзгертілді.

Биылғы жылға жас ерекшеліктерін ескер отырып 3 топ жинақталды. Жалпы 75 бала. Онда : кіші топ (2 жастан бастап)-25 бала, ортаңғы топ (3 жастан бастап) - 25 бала, Мектепалды даярлық топ (5 жастан бастап) – 25 бала болды. Балалардың тізімі жасалды ҰББД қорына және Ситцен сайтына тіркелді. Балалардың қажетті құжаттары жинақталды. Тәрбиешілермен тәрбиеші топқа бөлінді. МАД тобы тәрбиешілері : Б.Байтемирова , Н.Кулшанбаева Ортаңғы топтың тәрбиешілері : А.Омарова , Бектыбаева У

Кіші топтың тәрбиешілері : Д.Эшматова,С.Нурбекова.

Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева келесі мәселе тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекітті.Іздену, даму, еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны меңгеруге ұмтылып, педагогикалық үдерісте қызықты етіп балалар жалықпайтын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді меңгеруге, жүргізуге бет бұрайық деген еді. Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздеп, жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар тауып, ендіруді тапсырымын.

Шығармашылық тақырыптармен белгіленді.

Меңгеруші У.Бектыбаева «Балалардың құзіреттілігін қалыптастыруда жаңашыл тиімді әдістер қолдану»

Әдіскер Л.Басынбекова «Дидактикалық ойын арқылы сөздік қорын дамыту»
Психолог Э.Атабаева «Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту»
Тәрбиеші Б.Байтемирова «Көңілді математика әлемі».

Д.Эшматова «Дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорын дамыту»
А.Омарова «Баланың танымдық белсенділігін ойын арқылы дамыту»
С.Нурбекова «Ертегілер арқылы балалардың танымды дағдыларын арттыру»

Тәрбиеші:Н.Кулшанбаева «Сюжетті ойындар»
Медбике А.Сайлаубаева ««Шынықсаң-шымыр боларсың»».

Бесінші сұрақ бойынша меңгерушісі У.Бектыбаева 2022-2023 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын сайлап бекіту керектігін айтты. Педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғаларды санатқа аттестаттаудан өткізу үшін білім беру ұйымдарында аттестаттау комиссиялары құрылады. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары,аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі.Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар.

Сөйлеген: әдіскер Л.Басынбекова Аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде білім беру ұйымының басшысы сайланады.

Сондықтан аттестаттау комиссиясының төрайымы болып, мүшелері ретінде жоғары, тәжірибелі тәрбиешілер сайлауды ұсынамын деп сөзін аяқтады.

Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Л.Басынбекова педагог мамандардың кәсіби қызмет барысында өз біліктілігін көтеруі және кәсіби дамуы қажет және маңызды екендігін атап өтті. Іс-тәжірибе жинақтау негізінде портфолио толтыру міндеттелді.Осыған орай Аттестаттау комиссиясының құрамы сайланды және бекітілді.Сонымен қатар педагогикалық ұжымның талқылауымен педагогтарды аттестаттаудан өткізу жоспары да қаралды.Аттестатталатын педагогтар санатқа тапсыру үшін тестке дайындалу қажет, тест нәтижесін және портфолионы талдай отырып, өтініш берілген санаттар сараптама комиссиясының шешімі негізінде берілетіні хабарланды.

Біліктілік санаттардың 2022–2023 оқу жылында аттестаттау комиссиясын өтініш беріп, портфолио дайындау әр педагог-тәрбиешіге міндеттелді, ал аттестациядан өтетін педагогтар құжаттарын жүктеу әдіскерге жүктелді.

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Өткізілген мерзімі: 07.11.2022ж

Қатысқандар :7

Қатыспағаны -0

Меңгеруші:Бектыбаева Улжан Ундурусовна

Әдіскер:Басынбекова Латифа Умиртаевна

Психолог:Атабаева Эльмира Сакеновна

Тәрбиеші:Байтемирова Барно Онгарбайевна

Тәрбиеші:Омарова Атиргул Ануарбековна

Тәрбиеші:Эшматова Дильфуза Элмуратовна

Тәрбиеші:Нурбекова Салима Умиртаевна

Тақырыбы «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2.«Балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған ойын түрлерінің қолданылуы»тақырыпты тексеру .
- 3.«Сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану» баяндама
- 4.Шебер-сынып: «Ермексазбен жұмыс істеу әдіс-тәсілі»

Балабақшамыздың меңгерушісі У.Бектыбаева педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын толық оқып отыруын сұрады. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы.Әдістемелік нұсқаулық хатымен толық танысып талаптары орындалсын.

Бағдараманың мақсат міндеттеріне жатқа білу керек .Бағдарламада айтылған Педагог балаға: ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; Зқызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді; 5 қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; өзі ойнауды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа; ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен

қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды; өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Әр тәрбиеші үстелінде стандарт,үлгілік бағдарлама тұру қажет деп айтып өтті.Толық оқу танысу қажет екенін ескертті.

Екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Л.Басынбекова баяндап берді.

Балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған ойын түрлерінің қолданылуы»тақырыпты тексерудің анықтамасын оқыды.

Өткізілген айы: 2022 жыл 20- 21қаза Тақырыбы: «Балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған ойын түрлерінің қолданылуы»
Мақсаты: Барлық топтардың балалардың жас ерекшелігіне сай ойын түрлерінің қолданылуын бақылау. Ойын түрлерінің құралдарының құрамын анықтау. Балабақшада 3 топта ойын түрлерінің қолданылуы бақылауға алынып, оқу іс-әрекетте және серуен кезінде қолданылатын ойын түрлерінің балалардың жеке және жас ерекшелігіне сай болуы бақылауға алынды. Бақылау барысында мына сұрақтар зерттелді:

1. Ойын түрлерінің жас ерекшелігіне сай болуы.
2. Ойын түрлерінің уақытқа сай қолданылуы.
3. Дидактикалық ойын түрлері
4. Қимылды ойынның безендіруі
5. Оқу іс-әрекеттерде қолданылатын ойын түрлері

Осы сұрақтардың туындауы балалардың денсаулығын сақтау және жалпы қимыл- қозғалысты құзыреттіліктерін қалыптастыру негізінде болды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту, салауатты өмір салтын ұстану, ойын барысында жан-жақты дамуына бағытталған ойын түрлері анықталып, әрбір топтың қамтамасыз етілуі бақыланды.Жалпы зерттеуге алынған сұрақтар бойынша педагогтардың білімі бар. Тәрбиешілер баланың жан-жақты дамуына көңіл бөліп, керек құрал жабдықтармен толықтырған. Серуен кезінде ойналатын ойын құралдары арнайы орында сақталады. Ойын түрлеріне балалар қызығушылықпен қарайды.

Ұсыныс

- 1.Дидактикалық ойын түрлерінің топтамасын толықтыру.
2. Еркін ойын барысында үстел үсті ойындардың балаларға жеткілікті болуын ескеру.
- 3.Заттық дамытушы ортаны дамыту толықтыру.

Үшінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Л.Басынбекова баяндама оқыды.

«Сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану»

«Сурет салудың дәстүрлі емес технологиясын қолдану» тақырыбы қазіргі таңда балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін арттыруда өте өзекті болып отыр.Сол себептен баланың бұдан былайғы өмірін мектепке дейінгі кезең талабына сай ұйымдастырған жөн. Болашақ педагогтар мектеп жасына дейінгі балалардың жас кезеңдеріне бөлінуін жақсы түсініп, дидактикалық принциптерге негіздей отырып, тәжірибеде пайдалануға үйренеді

Демек, бейнелеу қоршаған ортаны тану, кеңістікті қабылдау, есте ұстау, қиял, сезім сияқты тағы басқа психологиялық процестердің дамуына көмектеседі.

Баланы балабақшадан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық —бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей

бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Жаңа заман талабына сай дәстүрден тыс сурет салу әдіс – тәсілдерін көрсетуде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін мен алдыма мынадай бірнеше мақсат қойдым:

- Балаларға дәстүрден тыс сурет салу әдістерінің барлық түрлерін меңгерте отырып, оның қолдану тиімділігін үйрету.
- Мектеп жасына дейінгі баланың үдемелі дамуын қамтамасыз ету үшін сәбилердің мүмкіндіктеріне сүйеніп, оның өмірінің, әрекетінің мазмұнын, айнала қоршаған ортамен қарым-қатынасын өзгерту.
- Бейнелеу өнеріне оқыту барысында балалардың ойлау қабілеті, көргенін есте сақтау, шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезімі дамиды.
- Бейнелеу сабақтары балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру арқылы сұлулық сезімін оятады, дүниетанымын қалыптастырады, шығармашылық белсенділігін арттырады.
- Сонымен қатар, жеке тұлғаны ұқыптылыққа, дербестікке, еңбексүйгіштікке бейімдейді.
- Бейнелеу іс-әрекеті барысында сурет салу біліктілігі мен іскерлігін меңгеріп, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды байқап зерттеуді үйренеді.
- Педагогтың ұйымдастыруымен өткізілген сабақтағы немесе сыныптан тыс шаралардағы танымдық, эстетикалық тәрбие балалардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырады
- Дәстүрден тыс сурет салу тәсілдері арқылы балабақшадағы балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа бейімдеп, қоршаған ортаны, сурет өнерінің кең аясымен таныстыру.

Дәстүрден тыс сурет салу технологиясының міндеттері:

- Бейнелеу іс-әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту;
- сурет салу өнеріне деген қызығушылығын ояту;
- көркемдік талғамын арттыру;
- іскерлік дағдыларын меңгерту;
- дәстүрден тыс сурет салу технологиясының негізгі бағыттары;
- айналаны бақылау және қабылдауын дамыту;
- бейнелеу өнері түрлері және көркем өнер туындыларымен таныстыру, көркемдік талғамын арттыру;
- іскерлік дағдыларды меңгерту болып табылады.(Баяндама қоса тіркелді)

Сөйледі тәрбиеші С.Нурбекова «Сурет салудың дәстүрлі емес технологиясын қолдану» тақырыбы өте жақсы .балаларшығң шығармашылық белсенділігін арттырады, ой өрісін дамиды. Өз тәжірибемде Бастыру, Сия тамшысы графикасы,Дақ графикасы, Граттаж.Саусақтармен сурет салу қолданып жатырмын.Бұдан бұлай осы әдістерді кеңінен қолданып қызық етіп өткереміз деп сөзін аяқтады.

Төртінші сұрақ.Шебер –сынып «Ермексазбен жұмыс істеу әдіс-тәсілі.

Тәрбиеші Б.Байтемирова балалардың шығармашылық ой-қиялын дамыту, ермексазбен мүсіндеу дағдыларын жетілдіру,мүсіндеуде әр түрлі саладағы

заттарды падалана білуге баулу.Ермексаз бұйымдары туралы түсініктерін кеңейту. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиешілерге өз тәжірибесімен бөлісті. Шебер сынып презентациясы қоса тіркелді.

Сөйледі: тәрбиеші Д.Эшматова ермексазбен жұмысы маған ұнады. Өз тәжірибемде қолданамын.Рахметін айтып сөзін аяқтады.

Жиналыс соңынан ұқыптылықпен жұмыс жасауды ,инновациялық әдістерді қолдануды ,ізденуді ,шығармашылықтарын шынғауды тапсырды. ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. Ойын түрлерінің топтамасын толықтыру.
- 3.Сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды кеңінен қолданылсын.
- 4.Балаларды ойын түрлерін кеңінен дамыту,іздену қажет.

Жиналыс төрайымы:



У.Бектыбаева

Хатшы:

Л.Басынбекова

Педагогикалық кеңестің

№3 хаттамасы

Өткізілген мерзімі: 10.01.2023

Қатысқандар :7 Қатыспағаны: 1

Меңгеруші:Бектыбаева Улжан Ундурусовна
Әдіскер:Басынбекова Латифа Умиртаевна
Психолог:Атабаева Эльмира Сакеновна
Тәрбиеші:Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші:Омарова Атиргул Ануарбековна
Тәрбиеші: Эшматова Дильфуза Элмуратовна
Тәрбиеші:Нурбекова Салима Умиртаевна
Ән жетекшісі: Алданбаева Зинеп Бейисовна

Тақырыбы: Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тиімділігін арттыра отырып, балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын ұйымдастыруға ықпал ету.

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақша педагогтарының қолданысындағы денсаулықты нығайту және сақтау технологиясының бейне-презентациясы. Іскерлік ойын
- 3.Тақырыптық бақылау қорытындысы «Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы»
- 4.Жарты жылдық мониторинг қорытындысы
- 5.Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау:-Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет.
- 6.Ашық іс-әрекетті талдау .

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Л.Басынбекова №2 педкеңес шешімінің орындалуы барысы туралы есеп берді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кестеге сәйкес жүзеге асырылып отырғандығын және топ тәрбиешілері түйінді дағдыларды қалыптастыруға арналған заттық-дамытушы ортаға қажетті материалдарды жабдықтап толықтырғандығын баяндады. Аттестациядан өтуге тілек білдірген педагог-тәрбиешілер қажетті құжаттарды жинақтай отырып, портфолиоларын толықтырып жатырғандығын атап өтті.

Келесі мәселе бойынша балабақша педагогтарының қолданысындағы денсаулықты нығайту және сақтау технологиясының бейне-презентациясы ұсынылды.Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тәжірибесімен алмасуға арналған іскерлік ойын ұйымдастырылды.Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты-балаға балабақша қабырғасында өз денсаулығын сақтауға мүмкіндік жасау,бала бойына қажетті білімді,шеберлік пен дағдыны қалыптастыру. Тәрбиелеу-сауықтыру,түзету және алдын алу шаралары біттұтас жүйе ретінде сабақтастық үрдісінде жүзеге асады.Бала және педагог,Бала және ата-ана,Бала және дәрігер.

Денсаулық сақтау технологиялары үш топқа бөлінеді.

- 1.Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиясы.
- 2.СӨС меңгерту технологиялары.
- 3.Түзету технологияларын түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша шығармашылық топ «Күншуақ» ортаңғы тобына «Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы» тақырыбында жоспарланған тақырыптық бақылау қорытындысын ұсынды. Онда педагог-тәрбиешілердің жас ерекшелік топтарында балалардың жасына сәйкес салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған шараларды жоспарлы, жүйелі өткізетіні анықталды. Топта денсаулық бұрышы жасақталған. Дене шынықтыруда сауықтыру жұмыстары спорттық және қимылды ойындар арқылы, музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы, массаж жасайтын кілемше үстімен жүру. Шынықтыру үшін жазда күннің астында болу, шөптің үстімен жалаңаяқ жүру. Серуен мен бақылаудағы шынықтыру шараларын жоспарлаған. Серуендеу барысында таза ауамен тыныс алу, күнделікті сергіту сәтінде, психогимнастика, саусақ ойындарында бала ағзасының қарсы тұру деңгейін азайтады. Тәрбиеші өз тобындағы балалардың белсенді қимылдарын жоспарлаған, спорттық ойындарды жоспарлаған.

Балалармен жұмыс жасау үшін материалдар, көрнекіліктер әзірлеген.

Тақырыптық бақылау анықтамасы рәсімделіп, тіркелді.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Л.Басынбекова балабақшада жүргізілген жарты жылдық мониторинг қорытындысын жариялады (*мониторинг нәтижесі тіркелді*).

Әдіскер: Л.Басынбекова «Бұл қорытынды жалпы барлық топтардың мониторинг көрсеткіштерінің жиынтығы екендігі сөзсіз. Әр топта төмен деңгейлі көрсеткіш алған баланың балабақшаға қатысы, денсаулық жайына көңіл бөле отырып, осы балалармен жеке жұмыс жүргізу қажет. Мониторинг жас ерекшелік топтарына сәйкес ұсынылған үлгілік бағдарлама мазмұны бойынша жүзеге асырылады. Демек, осы мониторинг нәтижесі бойынша топтағы балалардың бағдарламаны меңгеру деңгейін көруге болады. Сондықтан үлгілік бағдарлама мен Мониторингті жүргізу әдістемелік нұсқаулығына көңіл бөлу қажет». Осы орайда бастапқы мониторинг былтырғы нұсқаулық бойынша жүргізілгендігі де ескерілді.

Бесінші мәселе балабақша медбикесі Сайлаубаева Айгерім балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау ақпаратын ұсынды. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау басты міндеттердің бірі, сондықтан осы мәселеге қатысты нұсқаулықтарды қатаң орындау қажеттігін ескерті. Әдіскер Л.Басынбекова балабақшадағы мейірбиенің шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет берді.

Балабақшамызда біздің ең басты міндетіміз балалардың денсаулығын қорғау.

Осыған байланысты 7-қыркүйек денсаулық күніне орай балабақшада «Бәйтерек» мад тобы мен «Күншуақ» ортаңғы топ балалармен «Денсаулық зор байлық» атты спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

25 қараша күні Балаларға қазақтың ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Ұлттық ойын ойнамыз» спорттық ойын сауық ұйымдастырылды. Тәрбиешілер өз топтарымен белсене қатысты. «Асық ату», «Тақия тастамақ», «Арқан тартыс» ойынын көрсетті.

Алтыншы мәселе ашық іс-әрекет туралы. Балапан кіші топ тәрбиешісі Д.Эшматова 24.11.2022 ж Дене шынықтыру .Тақырыбы :Қасқыр мен қоян» Балаларды сап түзеп жүгірту ,еңбектеу ,жаттығуларды орындады.Бауырсақ ертегісіндегі қасқырмен қоянды таныстырды. Қимылды ойын «Қасқыр мен қоян». Ойынға балалардың қызығушылығы жақсы .

Ұсыныс: тәрбиеші балалармен жаттығуларды көбірек орындау қажет. «Күншуақ» ортаңғы топтың тәрбиешісі А.Омарова Көркем әдебиет пәні

Тақырыбы:Мақтаншақ қоян.Балаларға ертегінің мазмұнын таныстырып ,ертегі желісі арқылы балалардың эмоциялық сезімін ,естен сақтау қабілетін тіл,зейініні мен дүниетанымын дамыту.тәрбиеші өз мақсатына жетті.

«Бәйтерек» мад тобының тәрбиешісі Б.Байтемирова сөйлеуді дамыту «Знакомство со звуками буквой-З» тақырыбында өткерді.Тәрбиешілердің оқу іс-әрекеттеріне талдау жасалды.

Балабақшамызда біздің ең басты міндетіміз балалардың денсаулығын қорғау және көңіл күйін көтеру басты міндетіміз.Ата-аналармен балалардың денсаулықтарын көңіл күйін сұрап тығыз байланыста екенін айтып өтті.

Осыған орай топ тәрбиешілерінің және педагог мамандардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-тәжірибелері талқыланып, тәжірибе алмасты.Жиналыс соңынан ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

- 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Балабақша педагогтарының Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тәжірибесін насихаттау жұмысы жалғасын тапсын.
- 3.«Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы» тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
- 4.Балабақшаның жарты жылдық мониторинг көрсеткіші қанағаттанарлық деп есептелсін.
- 5.Шынықтыру шараларының ұйымдастырылу барысы қанағаттанарлық деп есептелсін және шынықтыру шаралары жүйелі жүргізілсін.
- 6.Ашық іс-әрекет жақсы деп бағалансын. Айтылған ұсыныстармен жұмыс жасалсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



У.Бектыбаева

Л.Басынбекова

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Хаттама №4

Өткізілген мерзімі: 30.03.2023ж

Қатысқандар саны:8. Қатыспағандар: жоқ

Меңгеруші:Бектыбаева Улжан Ундурусовна
Әдіскер:Басынбекова Латифа Умиртаевна
Психолог:Атабаева Эльмира Сакеновна
Тәрбиеші:Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші:Омарова Атиргул Ануарбековна
Тәрбиеші: Эшматова Дильфуза Элмуратовна
Тәрбиеші:Нурбекова Салима Умиртаевна
Ән жетекшісі: Алданбаева Зинеп Бейисовна

Тақырыбы: Мектепке дейінгі мекеменің білім беру процесінің деңгейін көтеруде жаңа технологиялардың рөлі.

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы мектепке дейінгі мекеменің біліктілік сапасын көтеру» Баяндама
3. «Ертегі терепиясы арқылы балалардың креативті ойлауын қалыптастыру» тәрбиешілермен бейне-презентациясы.
4. Ашық іс-әрекетті талдау.

Тыңдалды: Балабақша басшысы У.Бектыбаева кезекті педагогикалық кеңесті ашық деп жариялай отырып, қаралатын күн тәртібімен таныстырды. Алдымен №3 педкеңес шешімінің орындалуы барысы туралы шолу ақпарат берді.Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тиімділігін арттыра отырып, балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын ұйымдастыруға ықпал ететін тиімді шаралар жүзеге асып отырғандығын атап өтті.Одан әрі топтардағы балалардың балабақшаға қатысы, денсаулық жайын анықтау мақсатында балабақша медбикесіне сөз кезегі берілді. Медбике балалардың қатыс деректері негізінде тәрбиеленушілердің денсаулық жайы қалыпты екендігін хабарлады, соған қарамастан балалардың өмірі мен денсаулығына үнемі көңіл бөліп, қадағалап отыру қажет екендігін ескертті.

2.«Жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы мектепке дейінгі мекеменің біліктілік сапасын көтеру» әдіскер Л.Басынбекованың баяндамасы хаттамаға қоса тіркелді.

Сөйлегендер: Б.Байтемирова

Қазіргі маңызды мәселердің бірі – жан – жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін біз білім берудің әдіс- тәсілдерін түрлендіріп,жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеруіміз керек. Жаңа технология бойынша білімді үнемі меңгертіп отырсақ,балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды. Біз күнделікті білім беру үрдісіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып,жаңаша көзқараста,жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп,баланың өмірін жаңаша ортада,жаңа бағытпен ұйымдастыруымыз керек деп ойлаймын.

3. «Ертегі терепиясы арқылы балалардың креативті ойлауын қалыптастыру» тәрбиешілермен бейне-презентациясы. Тәрбиеші А.Омарова

Мектеп жасына дейінгі әрбір баланың даралығын анықтау үшін ертегі терепиясын қолдана отырып, оның креативті ойлауын дамыту.

Балабақша педагогтарына ертегі арқылы баланы тәрбиелеу және баланың көз қарасын бағдарлауға кеңес беру. Баланың мүмкіндігін ескеріп, заман талабына сай білім беру қажет екенін түсіндіріп кетті. Бейне презентацияны тамашалап ертегі кейіпкерлерімен жұмыс жасалды.

4. Ашық іс-әрекетті талдау. Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева сөз алды.

МАД «Бәйтерек» тобының тәрбиешісі Б.Байтемирова математика негізі пәнінен «Помогаем по дому» тақырыбында ашық іс-әрекет өткерді. Балалардың белсенділігі және қызығушылықтары жақсы. Тұрмыстық үй жабдықтарымен танысып, дидактикалық ойындар ойналды. 1-10 санауды толық қайталады.

Ұсыныс: Балалар іс-әрекетке толық қатыспай отырды. Толық қамтылу керек.

Сөйледі балабақша әдіскер Л.Басынбекова

«Күншуақ» ортаңғы топтың тәрбиешісі А.Омарова

Күні: 8 ақпан күні «Аспазшыға көмектесейік» тақырыбында ашық іс-әрекет ойын түрінде көрсетті. Балаларды «саны қанша, сонша», «бірдей», «саны тең» ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру; беттестіру тәсілі туралы түсінігін жетілдіру; аспаз мамандығы туралы білімін толықтыру, әдептілік ережелерін қайталау. Балаларға белгілі бір заттарды салыстыру және теңдестіру амалдарын үйрету; заттардың жұптарын тұтастыру және беттестіру тәсілдерін қолдануға машықтау; заттарды оң қолымен алып жолақтың сол жағынан бастап оң жағына қарай бір-біреуден салу техникасына дағдыландыру; зейін, қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту. Балаларды мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Ғажайып сәт, сурет көрсету, көркем сөз, зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, мақтау, оқу іс-әрекетін пысықтау. Тәрбиешілерді өткерген ашық іс-әрекеттері жақсы өтті. Жиналыс соңында ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жаңа технологияларды тиімді пайдалану туралы баяндамасында айтылған жаңа технологияларды іс-әрекет барысында қолданылсын. Жауапты. Тәрбиешілер
3. Балабақша педагогтарының ертегі терепиясы қолдану тәжірибесін насихаттау жұмысы жалғасын тапсын.
4. Ашық іс-әрекет жақсы деп бағалансын. Айтылған ұсыныстармен жұмыс жасалсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



У.Бектыбаева

Л.Басынбекова

Педагогикалық кеңестің

№5 хаттамасы

30.05.2023ж

Қатысқандар: 9
Қатыспағаны-0

Меңгеруші: Бектыбаева Улжан Ундурусовна
Әдіскер: Басынбекова Латифа Умиртаевна
Психолог: Атабаева Эльмира Сакеновна
Тәрбиеші: Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші: Омарова Атиргул Ануарбековна
Тәрбиеші: Эшматова Дильфуза Элмуратовна
Тәрбиеші: Нурбекова Салима Умиртаевна
Тәрбиеші: Нуркенова Шахизада
Ән жетекшісі: Алданбаева Зинеп Бейисовна

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Мақсаты: оқу жылын қорытындылау, Жазғы кезеңге жұмысты ұйымдастыруды талқылау.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Ашық оқу іс-әрекетті талдау.
3. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар туралы қорытынды мониторинг туралы.
4. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру ережелері. (жауапты/ мейірбике)
5. 2023 жылғы жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу. Жазғы кезеңге жоспарды, ұйымдастырылған іс-әрекетті, күн тәртібін бекіту.

Бірінші мәселе: Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы жөнінде. Балабақша меңгерушісі У. Бектыбаева кезекті педагогикалық кеңесті ашық деп жариялай отырып, қаралатын күн тәртібімен таныстырды.

Алдымен №4 педкеңес шешімінің орындалуы барысы туралы шолу ақпарат берді. Мектеп жасына дейінгі әрбір баланың даралығын анықтау үшін ертегі терепиясын қолдана отырып, оның креативті ойлауын дамыту қажет.

Балабақша педагогтарына ертегі арқылы баланы тәрбиелеу және баланың көз қарасын бағдарлауға кеңес беруде. Баланың мүмкіндігін ескеріп, заман талабына сай білім беру қажет екенін түсіндіріп кетті.

Бейне презентацияны тамашалап ертегі кейіпкерлерімен жұмыс жасалды.

Екінші мәселе: Ашық оқу іс-әрекетті талдау.

Сөйледі: У.Бектыбаева балабақша меңгерушісі - барлық тәрбиешілер жоспарлаған ұйымдастырылған іс-әрекетін талдау жасалды.

«Балапан» кіші топ тәрбиешісі Д.Эшматова «Ауаның қасиеті»

тақырыбындағы іс-әрекетін білім беру дағдыларын кіріктіре отырып жоспарлаған. Балаларға шар көлімінің өсуін немесе азаюын көрсету арқылы түсінік беру, ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың байқағыштығын, қабілеті мен танымын, тілін, эмоциялық сезімі мен түйсіктерін дамыту.

Ұсынысым: Тәрбиеші оқу іс-әрекетін толық ашып көрсету үшін әле де, болса көп жұмыс жасау керек.

Сөйлегендер: Л.Басынбекова әдіскер – «Жер мен су әңгімесін оқып беру» тақырыбында А.Омарованың ашық ұйымдастырылған іс-әрекет айтып өтті.

Мақсаты: Балаларға көктем мезгілінде судың жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру. Балалардың сұрақтарға қарапайым жауап қайтару техникасын жетілдіру, жыл мезгіліне танымдық қызығушылықтарын, ой-өрісін, түйсігін дамыту. Көктем мезгілінде, табиғат аясында болып жатқан өзгерістерге қызығушылықты ояту, байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. «Жер мен су» әңгімесі балаларға оқып мазмұнын айтып берді. Сергіту сәті. «Тамшылар биі» орындалды. Әңгіме бойынша «Ғажайып сақинаның» көмегімен сұрақ-жауап ойыны. Қорытынды: Мақтау, іс-әрекетті пысықтау.

Ұсынысым: Балалармен тәрбиешінің оқу іс-әрекетте байланысы орта болды. Тек тәрбиеші көп сөйледі. Балалардың қимылы дамыту керек, сөйлеу қорын дамыту қажет. Толық қатысуға ықпал жасалсын.

Сөйледі балабақша психологы Э.Атабаева 28.04.2023 жылы «Бәйтерек» мадт тәрбиешісі Б.Байтемированың «Знакомство с буквой «ь» тақырыбында өткізді. Балалармен бірге қимылдар жасай отырып шаттық шеңберін орындады.

Ұсынысым: Тәрбиеші оқу іс-әрекетіне балаларды толық қатысуына жұмыс жасалсын.

Үшінші мәселе : 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар туралы қорытынды мониторинг туралы.

Сөйледі: әдіскер Л.Басынбекова

Жалпы балабақша бойынша 75 бала тәрбиеленуде. 3 топ жұмыс істеді.

«Бәйтерек» мад тобында - 25 бала ,

«Күншуақ» ортаңғы тобында – 25 бала,

«Балапан» кіші тобында – 25 бала,

Мектепке 18 бала шығарып салынды.

Педагог мамандармен жұмыс

Педагог мамандармен 4-өндірістік, 5-педагогикалық кеңес, 6-әкімшілік кеңес,

3-әдістемелік кеңестер өткізілді.

Өндірістік кеңесте бала өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар және өрт қауіпсіздігі жөнінде жаттығулар өткізілді.

Педагогикалық кеңес, ашық оқу іс-әрекеттерін өткерілді. педагогикалық кеңесте талқыланды, бақылау мен басшылық анықтамасы жазылды. Балабақшада тәрбиелік іс-шаралардың жоспары түзіліп, мерекелік ертеңгіліктер, ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттер өткерілді. «Балапан «кіші топтың тәрбиеші Д.Эшматова «Қасқыр мен қоян», «Менің Отаным, «Ауаның қасиеті» «Күншуақ» ортағы топтың тәрбиешісі А.Омарова «Мақтаншақ қоян». МАДТ «Бәйтерек» тобының тәрбиешісі Б.Байтемирова «Помогаем по дому», «Знакомства с буквой» жақсы іс-әрекет өткерді. Музыка жетекшісі З.Алданбаева «Ұлттық аспаптар» тақырыбында өткерді. Ата-аналарға кеңес, ата-аналар жиналысы, коучинг, Балабақша қызметкерлері мен балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында белгіленген жүйе бойынша қауіпсіздік ережелерімен таныстырылып отырды. 2022-2023 оқу жылында педагог мамандары алғыс хаттармен марапатталды. Балабақша әдіскері Л.Басынбекова мақтаарал аудандық маслихат алғыс хатпен марапатталды. Тәрбиеші Омарова Атиргул мақтаарал ауданы адами әлеуетті бөлімінің басшысы М.Серикбаев алғыс хатпен марапатталды. Мақтаарал ауданы «Тілдерді оқыту және дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Бала шақтан болашаққа-ана тілімен» атты байқауға МАДТ «Бәйтерек» тобының бүлдіршіні Баймуратова Рузана алғыс хатпен марапатталды.

Балалармен өткізілетін мерекелік ертеңгіліктер ән жетекшісі жүйелі түрде өткерді. Жылдық жоспар бойынша мерзімен «Күзгі саябаққа», «Жеңіс алаңына», «Дүкенге», «Балабақша ауласына» серуенге шықты. «Арайлы алтын күз» тақырыбында балалармен көрме ұйымдастырылды. 8 наурыз - Аналар мерекесі қарсаңында «Көрікті көктем аруы» байқауын «Күншуақ» ортаңғы топ тәрбиешісі А.Омарова ұйымдастырп өтті. 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына бастапқы, аралық, қорытынды бақылау жұмысы жүргізілді. 2023-2024 оқу жылында балабақшаны дамыту орталарын толық жабдықталуы қажет. Осы кемшіліктерді жоюға атсалысамыз.

Бесінші мәселе бойынша: мейірбике Бекжан Шолпан жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарымен таныстырды. Жазда балаларды сауықтыру үшін күнделікті өмірде ауа, күн, су арқылы шынықтыру сияқты сауықтыру факторларын дұрыс қолданудың маңызы зор. Мұғалімдер жазғы кезеңде балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өсіп келе жатқан ағзаның демалу, шығармашылық белсенділік пен қозғалыс қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға ықпал етуі керек. Меңгеруші У.Бектыбаева жазғы кезеңде балалармен жұмыста келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге ықпал

етуді педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:
Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдай жасау.

Міндеттер: Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету. Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

Бесінші мәселе бойынша меңгеруші У.Бектыбаева 2023 жылғы жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу. Жазғы кезеңге жоспарды, ұйымдастырылған іс-әрекетті, күн тәртібін бекіту. 2023 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің бөлінуі, жазғы кезеңге арналған күн тәртібі мен таныстырды. Педагогтар жоспарды мақұлдады, жазғы кезеңде ұйымдастырылған іс-әрекетті келесі бөлімдер мен білім беру дағдылар бойынша өткізу туралы шешім қабылданды. Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін: Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар. Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары қосымшалары мен бірге. Жиналыс соңынан оқу жылының аяқталуымен құттықтап, жақсы тілектер айтылып, тәрбиешілерге алғыс білдірді. Ортақ шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестің орындалуы қанағаттанарлық
2. Ашық іс-әрекет жақсы деп бағалансын. Айтылған ұсыныстармен жұмыстар жүргізілсін.
3. 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар жақсы деп бағалансын.
4. Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдайлар жасалсын. жауапты мейірбике Бекжан Шолпан
5. 2023 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



У.Бектыбаева

Л.Басынбекова

КЕЗЕКТЕН ТЫС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ Хаттама №6

Өткізілген мерзімі: 01.06.2023ж

Қатысқандар саны:9

Қатыспағандар: жоқ

Меңгеруші:Бектыбаева Улжан Ундурусовна
Әдіскер:Басынбекова Латифа Умиртаевна
Психолог:Атабаева Эльмира Сакеновна
Тәрбиеші:Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші:Омарова Атиргул Ануарбековна
Тәрбиеші: Эшматова Дильфуза Элмуратовна
Тәрбиеші:Нурбекова Салима Умиртаевна
Тәрбиеші : Нуркенова Шахизада
Ән жетекшісі: Алданбаева Зинеп Бейисовна

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментің 2023 жылға арналған мемлекеттік атестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес 2023 жылдың сәір айында ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай балабақшасы өтетіні туралы .
2. Мемлекеттік атестаттауды өткізуге байланысты өзін –өзі бағалау мақсатында комиссия құрамын сайлау, 2023 жылы шілде айының 10-14 аралығында өзін өзі бағалаудан өткізу туралы.

Тыңдалды: Қазақстан Республикасы « Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылға арналған мемлекеттік атесттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес 2023 жылдың шілде айында ЖШС «Жарылқасын» бөбекжай балабақшасы өтетіні туралы хабарлады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығына сәйкес балабақшаның 2021-2022,2022-2023 оқу жылына өзін-өзі бағалау қорытындысын жасап ,сайытқа салуды әдіскер Р. Асеноваға тапсырады . Тәрбиешілер 2021-2022,2022-2023 оқу жылына перспективалық жоспар , циклограмма , тәрбиешілердің бастапқы , аралық , қорытынды бағалау нәтижелерін , бойынша баланың жеке даму картасын , ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ертеңгіліктер бағдарламасын суреттерімен сканерлеп сайтқа салуды дайындауын тапсырады. Сонымен бірге балабақшаның төлқұжаттарын , БИН мед . лицензия ,

қауіпсіздік құжаттары , іс шарттарын , үлгілік оқу жоспарын реттеп сайтқа салуын тапсырады.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі У.Бектыбаева педагогтерге мемлекеттік аттестаттауды өтуімізге байланысты өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия құрамын мүшелерін сайлауда : әдіскер Л.Басынбекова тәрбиешілер Б.Байтемирова ,А.Омарова ,Э.Атабаеваұсынады . Педагогтер бірауыздан келісіп, аталған педагогтер комиссия құрамын мүшелеріне сайланды 10-14 шілде аралығында өзін өзі бағалау өткізілсін деп белгіленді.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығына сәйкес балабақшаның 2021-2022,2022-2023 оқу жылына өзін өзі бағалау қорытындысын жасап, сайтқа салуды әдіскер Л.Басынбекова жүктелсін , тәрбиешілер 2021-2022,2022-2023оқу жылына преспективалық жоспар , циклограмма , тәрбиеленушілердің бастапқы , аралық қорытынды бақылау нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасын, ашық ұйымастырылған іс-әрекеттер мен ертеңгіліктер бағдарламасын суреттерімен сканерлеп сайтқа салуды дайындауын тапсырады.

2. Сонымен бірге балабақшаның төл құжаттарын, БИН мед. Лицензия , қауіпсіздік құжаттары іс шараларын , үлгілік оқу жоспарын реттеп сайтқа салуын балабақша психолгы Э.Атабаеваға жүктелсін.

2.Коммисия құрамына

Коммисия төрайымы : Балабақша меңгерушісі:У.Бектыбаева

Мүшелері: әдіскер Л.Басынбекова .

Тәрбиешілер: А.Омарова,Б.Байтемирва

Психолог:Э.Атабаева бекітелсін,10-14шілде аралығында өзін-өзі

бағалау өткізілсін деп белгіленді. Жауапты меңгеруші У.Бектыбаева

Жиналыс төрайымы:



У.Бектыбаева

Хатшы:

Л.Басынбекова

**Педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасы**

31.08.2021ж

Қатысқандар-8
Қатыспағаны -0

Меңгеруші:Саржанов Алимжан Турлыбекович
Әдіскер:Басынбекова Латифа Умиртаевна
Орыс тілі мұғалімі:Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші:Кулшанбаева Наргиза Сагикызы
Тәрбиеші:Нурбекова Салима Умиртаевна
Тәрбиеші:Эшматова Дилфуза Элмуратовна
Тәрбиеші:Омарова Атиргул Ануарбековна
Мейірбике:Сайлаубаева Айгерім Азаматқызы

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Күн тәртібінде:

- 1.Талдау: «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»
- 2.«Балабақшаның жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»
 - 1) 2021-2022 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.
 - 2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, күн тәртібін бекіту.
 - 3)Мектепалды даярлық тобының ашылуы мен Вариативтік компонент бойынша пәндерді таңдау, мазмұнымен таныстыру және бекіту.
- 3.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарда және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы
Әдістемелік нұсқау хатымен танысу.
4. Түркістан облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері №19 Қаулы 27.08.2021 Түркістан облысының аумағында карантин мен шектеу шараларын ұзату туралы. Іс- шара жоспарын бекіту. «Ashyq» қосымшасын енгізу жобасымен жұмыс жүргізу туралы.Баяндама мейірбике Б.Адилбаева
5. Педагогтардың шығармашылық тақырыптарын бекіту

Балабақша меңгерушісі А.Саржанов сөз алды.

Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтады.

Бірінші сұрақ бойынша: Балабақша әдіскері Л.Басынбекова - биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті. Жоспарланған жоспар бойынша балаларға жеміс-жидектер, шырындар беріліп, таза ауада көп уақыттарын өткізді, оқу қызметтері жазғы маусымдық кестеге сай жүргізілді. Ауру-сырқаудан аман болды. Балабақшамызда жаз мезгіліне дұрыс жасалған күн режимі мен жақсы жолға қойылған балалардың күтімі баланы балабақшада өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік берді. Балалардың денсаулығын нығайту, жарақаттануына жол бермеу жұмыстары сақталы отырылды. Балалардың жұмыс жасау қабілетін жалықтырып шаршатып алмау үшін де, тәрбиешілер жұмыс жоспарын қызықты етіп жоспарлады. Ертеңгілік қойылымдар қойылды, спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті деп ойлаймын.

Жазғы сауықтыру шараларының есебі қоса тіркелді.

Екінші сұрақ бойынша: Балабақшаның жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындығы Балабақша меңгерушісі А.Саржанов сөз алды.

Балабақшаның 2021-2022 оқу жылына жылдық мақсат, міндеттермен таныстырды және балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекітті.

Ол өз сөзінде былай деді: - Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттар белгілейміз, және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еңбек етеміз. Былтырғы жылдың мақсатына қарағанда өзгерістер бар. Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Сонымен биылғы жылдың мақсаты:

«Денсаулық» білім саласы.

Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тиімділігін арттыра отырып, балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын ұйымдастыруға ықпал ету.

«Шығармашылық» білім саласы

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беруде Триз технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мектепке дейінгі балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақ – ты және үйлесімді дамыту.

Қатынас білім саласы

Мақсаты: 1. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

ҚР «Білім туралы Заңын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік стандарт ережелерін негізге ала отырып, 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы. Әдістемелік нұсқаулыққа сүйене отырып жұмыс жүргіземіз.

Сондай-ақ 2021-2022 оқу жылына өтпелі тақырыптар бекітілді.

Әрбір педагог балалардың жас ерекшелігін ескере отырып осы мақсаттарға жетуде еңбек етеміз, және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі – деп сөзін аяқтады.

Сонымен бірге «Күншуақ» ортаңғы топтарда 1 сағат вариативті компонент «Ұлттық ойындар «берілген, «Бәйтерек» ересек тобына вариативті компонент 2 сағат, оған үйірме «Қызықты дене тәрбиесі», «Жол тәртібін алуды ұсынды. Балабақшаның күн тәртібіндегі өзгерістермен таныстыра келе меңгеруші тәрбиешілерді күн тәртібін бұзбай жұмыс істеуге шақырды

Педагогтар бұл ұсыныстармен толық келісетіндіктерін білдірді.

Нормативті құқықтық қамтамасыз ету туралы

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Шектеу шаралары кезінде мектеп жасына дейінгі балалармен

тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Мектепке дейінгі ұйым мен мектепалды сыныбының педагогіне қойылатын талаптар

Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмыс жүргізу туралы айтылған. Сонымен бірге қосымша тәрбиешілерге өтпелі тақырып үлгісі, перспективалық жоспар, циклограмма, күртәртібі, тәрбиешілерге қандай құжаттар қажет екені берілген. Үлгіге қарап қолдануларыңды сұраймын. тәрбиешілер құжаттарын реттеп қойуларын айтып өтті.

Сөйледі. Әдіскер Л.Басынбекова сөйледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарлану туралы. Биылға оқу жылында 2021-2022 оқу жылындағы ұйымдастырылған оқу қызметтегі кесте бойынша қалатынын ескертіп өтті. Тәрбиешілермен келісі отырып бір ауыздан ұйымдастырылған оқу қызметтерін күнделікті оқу кестесіне сай жүргіземіз деп шешілді. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер Л.Басынбекова әдістемелік нұсқаулықпен таныстырды.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарда және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы. Әдістемелік нұсқау хатымен танысу.

Төртінші сұрақ бойынша: Балабақша мейірбикесі А.Сайлаубаева сөз алды.

Түркістан облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері №19 Қаулы 27.08.2021 Түркістан облысының аумағында карантин мен шектеу шараларын ұзату туралы. Іс-шара жоспарымен таныстыру. «Ashyq» қосымшасын енгізу жобасымен жұмыс жүргізу туралы. «Ashyq» қосымшасын енгізу педагогтарды, персоналды, ата-аналарды (заңды өкілдерді), балабақшаға келушілерді QR-код (check-in) бойынша тіркеу өтеді. «Ashyq» қосымшасы арқылы, оның ішінде басқа платформалар (мысалы, EGOV mobile, Aitu, Kaspi.kz, Halyk Bank, Sberbank.kz, сайт www.ashyq.kz платформасындағы аналог) арқылы тіркелу кезінде кіруге рұқсат етуді қамтамасыз етсін. Балабақшада респираторлық инфекция белгілері бар адамдарға (жөтел, мұрынның бітелуі, дене температурасы 37 градустан жоғары);

- COVID-19-ға қарсы вакцинациясы жоқ педагогтар мен персоналға (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, ауырып жазылған адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда) кіруге рұқсат етілмейді. Карантинді енгізуге сараланған тәсілді:

Түстерде бұл мәртебесі мен мекеменің жауапты маманы қызмет көрсетеді. Сөзді кіргізеді немесе мекемеге кіруге жол бермейді. -QR-код бойынша тіркеу кезінде «сары» және «қызыл» мәртебесі бар адамдарға («ПТР-зерттеулердің бірыңғай интеграциялық порталы» және «COVID-19 бақылау орталығы» ақпараттық жүйелерінде тіркелген, COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі бар, «инфекция жұқтырған» мәртебесі бар пациент ретінде немесе COVID-19-бен ауыратын пациентпен байланыс ретінде;

«Көк «түсті мәртебе ПТР міндеті болатын орындарда басқа жерлерге қозғалыс шектеу қойылмайды.

«Жасыл» түс мәртебеге қозғалысқа шектеу қойылмайды. Карантинді енгізуге сараланған тәсілді:

COVID-19 ауруының 1 жағдайы тіркелген кезде –топта 14 күн бойы үй карантиніне оқшаулауға жататынын түсіндірді. (Баяндама қоса тіркелді)

Бесінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Саржанов келесі мәселе тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекітті.

Өткен кеңесте шығармашылық жұмыстарыңызға есеп беру кезінде Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім. Іздену, даму, еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны меңгеруге ұмтылып, педагогикалық үдерісте қызықты етіп балалар жалықпайтын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді меңгеруге, жүргізуге бет бұрайық деген едім. Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға

Педагогикалық кеңес хаттамасы
Хаттама №2

01.11.2021ж

Қатысқаны-7
Қатыспағаны-0

Меңгеруші: Саржанов Алимжан Турлыбекович
Әдіскер: Басынбекова Латифа Умиртаевна
Орыс тілі мұғалімі: Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші: Кулшанбаева Наргиза Сагикызы
Тәрбиеші: Нурбекова Салима Умиртаевна
Тәрбиеші: Эшматова Дилфуза Элмуратовна
Тәрбиеші: Омарова Атиргул Ануарбековна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. «Ертеңгілік жаттығуда спорттық құралдарды пайдалану және жоспарлау» тексеру қорытындысы
4. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

Балабақшамыздың меңгерушісі А.Саржанов педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды.

2. Балабақша әдіскері Л.Басынбекова сөз алды. «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» кеңес берді. Балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті..Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Омарова А балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

3. Балабақша әдіскері Л.Басынбекова

2021-2022 оқу жылындағы қазан айында өткізілген жылдық жоспар бойынша бақылау мен басқару кестесі бойынша «Күншуақ» ортаңғы топта «Ертеңгілік жаттығуда спорттық құралдарды пайдалану және жоспарлау» тақырыптық тексеру қорытындысымен таныстырды.

«Күншуақ» ортаңғы тобы

Күні 15.10.2021ж.

Тәрбиеші: Кулшанбаева Н педагогикалық өтілі -7 жыл

Ертеңгілік жаттығулар таңертеңгілік уақытында күнделікті ұйымдастырылған. Ертеңгілік жаттығулар топтамасы 1 айға 2 жиынтығы жоспарланған. 1 топтама затсыз, 2 затпен. Алынған жаттығулар балалардың жас ерекшелігіне сәйкестендірілген.Жаттығудың күнделігі бала жасына, бағдарламаға сай алынған, талапқа сай . жаттығу дене бітіміне (бас) мойын қол бұлшық еттеріне арналып жобаланған. Топтардағы жаттығулар біртіндептілік принципімен жеңілдеп, күрделендірілігіне қарай ұйымдастырылған.

Тәрбиешінің түсіндіруі көрсетумен ұштасып отырды.Ертеңгі гимнастика мүмкіндігінше бастапқы қалыптың барлығы (жан-жағына, алға созу, желкесін ұстап иығына қолын апару және т.б.) пайдаланылды.

Ұсыныс: Жаттығу жасау үшін ұсақ заттардан басқа (кеглилер, доптар, көлемі орташа кубиктер) қолданылсын.

4. Тыңдалды: Меңгеруші А.Саржанов сөз алып өз пікірін білдірді.

Кіші тобының тәрбиеші Д.Эшматованың өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін ,қатынас саласының «Алтын дән» тақырыбы тақырыбында өткен оқу қызметте күз мезгілінің ерекшеліктерімен ,табиғат құбылыстарымен,жыл мезгілдерін ажыратып,ай аттарын атап шықты,дәнді дақылдармен танысты.Суретпен әңгіме құрады,тақпақ,мақал-мәтелдер,сергіту сәті орындалды.

Ойын «Жаңбыр» Балалар толық белсенді қатысып отырды. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

Ұсынысым: Тәрбиеші оқу қызметін толық қорытындыламады.

Оқу қызметіне жаңа әдіс тәсілдерді енгізу, қолдану қажет .

1.Сөз сөйлегендер: Әдіскер Басынбекова Л ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Оқу қызметтерінде балалармен байланыс көбірек жасалсын. Бала тілін дамыту, сөздерді байланыстыра сөйлеуі, диалог түрінде сөйлей алуға тәрбиешілер балаларды жаттықтырсын.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кеңестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.
3. Жаттығу жасау үшін ұсақ заттардан басқа (кеглилер, доптар, көлемі орташа кубиктер) қолданылсын.
4. Ашық оқу қызметінендегі ұсыныстар және кемшіліктер түзету жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы



А.Саржанов

Хатшы:

Л.Басынбекова

Педагогикалық кеңес хаттамасы
Хаттама №3

10.01.2022ж

Қатысқаны- 8
Қатыспағаны-0

Меңгеруші: Бектыбаева Улжан Ундурусовна
Әдіскер: Басынбекова Латифа Умиртаевна
Психолог: Атабаева Эльмира Сакеновна
Ән жетекшісі: Алданбаева Зинеп Бейсовна
Тәрбиеші: Кулшанбаева Наргиза Сагикызы
Тәрбиеші: Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші: Эшматова Дилфуза Элмуратовна
Тәрбиеші: Омарова Атиргул Ануарбековна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I жарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы.
2. «Затты-кеңістікті дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптары (Баяндама)
3. Ертеңгілік жаттығуды өткізу әдістемесі» Тәрбиешілерге арналған ақыл-кеңес.
4. Шебер сынып «Киіз терепиясы»
5. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

1. Тыңдалды. Өткен кеңестің қаулыларының орындалу барысы туралы.

Сөйледі: Меңгеруші У.Бектыбаева – балабақшамызда жоспарланған жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер өздеріне берілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізуде. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды.

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұның игеруі бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын аралық бақылау нәтижелері бойынша «Бәйтерек» ересек топ бала саны-25.

I деңгей-8-32%. II деңгей-12-48. III деңгей-5-20%

«Күншуақ» ортаңғы топ бала саны-25.

I деңгей-7-28%. II деңгей-13-52% III деңгей-5-20%

«Қошақан» кіші топ бала саны-25.

I деңгей-8-32% II деңгей-13-52% III деңгей-4-16%

2. Балабақша әдіскері Л.Басынбеова «Затты-кеңістікті дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптарымен таныстырды. (Баяндама)

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта–бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру



және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзінқызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы ортабаланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді.

Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта:

танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында:

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырып отыру қажет.

Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

3. Балабақша әдіскері Л.Басынбекова «Ертеңгілік жаттығуды өткізу әдістемесі» Тәрбиешілерге арналған ақыл-кеңес. Балалар бақшасындағы таңертеңгі жаттығудың ерекшелігі- балаларды дұрыс қимылдауға үйрету. Бұл жағдайда балаларда кеңістіктегі орнын бағдарлай білуі, қимылды айқын, дәл, тәрбиеші ұсынған екпінде, ырғақта, бағытта орындауы дамып жетіледі. Таңертеңгі жаттығудың ұйымдастырушылық және тәрбиелеушілік үлкен маңызы бар. Таңертеңгі жаттығудың маңызы мен міндеттері Таңертеңгі гимнастика балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі басты құрал болып табылады. Жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, сергектік сезім пайда болады, қабілеттілігі артатынын атап өтті. (қоса тіркелді)

4. Шебер сынып «Киіз терепиясы» тәрбиеші Н.Кулшанбаева тәрбиешілерге өз шеберлігін көрсетті. Жақсы әсерде қабылдады. Оқу қызметтерінде пайдалуы қажет екен түсінді.

5. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы. Тәрбиеші Кулшанбаева Наргиза ортаңғы топта 19 қараша күні жаратылыстану пәнінен «Үй жануарлары және оның төлдері» тақырыбында ашық оқу қызметін өткерде.

Сөйледі: Меңгеруші У.Бектыбаева өз пікірін айтып өтті. Үй жануарларының мекен ету ортасы, қоректенуі, үй жануарларына қамқорлық жасау туралы атап өтті. Ресустары жақсы. Балалар үй жануарларын төлдерін атап өтті.

Жыл мезгілдерін ажырата алды. Жұмбақтар жасырды. Д/О «Даусын ажырат» балалар дауысын ажырата алды. Сергіту сәті орындалды. «Даусын таниды» ұжымдық жұмыс орындалды.

Ұсыныс: Балаларды топпен жұмыс жасауға үйрету. Жаңа әдіс тәсілдерді пайдалану қажет. Тәрбиеші көбірек іздену қажет екенін атап өтті.

Ересек тобынада тәрбиеші А.Омарова Көркем әдебиет ««Әдептілік әлемі» 18 қараша ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткерді. Пікір білдірген әдіскер Л.Басынбекова.

Тәрбиешінің ашық оқу қызметінде жылулық шеңбермен бастады. Тосын сәттер орындалды. Балаларға үлкендерге құрмет көрсету, кішілерге қамқор жасауға тәрбиелеу болды басты мақсаты. Отбасы туралы мағлұмат берді. Суреттер арқылы түсіндірді. Балалар сұрақтарға жақсы жауап берді. Отбасы мүшелері туралы өлеңдер жатқа айтты.

Ұсыныс: Жаңа әдіс тәсілдерді пайдалану қажет. Тәрбиеші көбірек іздену қажет, дайындығы аз болғанын екенін атап өтті. Ресустар аз қамтылды. Балаларды топпен жұмыс жасауға үйрету.

Орыс тілі пән мұғалімі Б. Байтемирова «Овоци и фрукты» ортаңғы топта өткерді. Мұғалімнің жақсы дайындық жасағаны көрініп тұр. Балалар

белсене қатысты.Рестарын жақсы ұйымдастыра білді.Өз мақсатына толық жетті .

Ұсынысым: Оқу қызметіне жаңа әдіс тәсілдерді енгізу,қолдану қажет .

Жиналыс соңынан тәрбиешілерге жұмыстарына шығармашылық табыс тілеп аяқталды.

Шешім :

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Топтарда затты-кеңістікті дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптарын орындалсын.
3. Ертеңгілік жаттығуды өткізу әдістемесінің толық танысып,қолға алынсын.
4. «Киіз терепиясын » өз тәжірибелерінде қолданылсын.
- 5.Ашық оқу қызметінендегі ұсыныстар және кемшіліктер жойылсын.

Жиналыс төрайымы:



У.Бектыбаева

Хатшы:

Л.Басынбекова

Педагогикалық кеңес хаттамасы
Хаттама №4

30.03.2022ж

Қатысқаны- 7
Қатыспағаны-0

Меңгеруші: Бектыбаева Улжан Ундурусовна
Әдіскер: Басынбекова Латифа Умиртаевна
Психолог: Атабаева Эльмира Сакеновна
Ән жетекшісі: Алданбаева Зинеп Бейсовна
Тәрбиеші: Кулшанбаева Наргиза Сагикызы
Тәрбиеші: Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші: Омарова Атиргул Ануарбековна

Тақырыбы: Мектепке дейінгі білім беруде Триз технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Тренинг «Біз біргеміз» психолог Э.Атабаева
3. «Триз технологиясын қолдану арқылы балалардың шығармашылығын дамыту» баяндама тәрбиеші Омарова А
4. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

1. Тыңдалды. Меңгеруші У. Бектыбаева жиналыс барысында өткен кеңестің орындалуы туралы айтып өтті. Балабақшамызда жоспарланған жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер өздеріне берілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізуде. Ата-аналармен тығыз қарым - қатынаста болу, оқу тәрбие жұмысын жан-жақты бақылау мақсатында ашық есік күні ұйымдастырылды. Ата-аналар балабақша қызметкерлеріне өз рахметтерін айтып кетті.

2. Тренинг «Біз біргеміз» педагогикалық тренинг психолог Э.Атабаева өткерді. Мақсаты: педагогикалық ұжымды ынтымақтастыруға, қарым-қатынас даңдысын дамытуға, өз-өзіне деген сенімділігін, жағымды қатынасты арттыруға, көңіл-күйлерін көрсетуге бағытталған. Бұл жаттығулар бірін-бірі түсінуін, өзін жетілдіру, өзін-өзі тануын дамыту. Тренинг жақсы өтті.

3 мәселе бойынша тәрбиеші Омарова А «Триз технологиясын қолдану арқылы балалардың шығармашылығын дамыту» баяндама оқыды. Мектепке дейінгі балалық шаққа бейімделген ТРИЗ технологиясы баланы 70 шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында 7шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді. ТРИЗ және оның принциптері тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдіс-тәсілдер төмендегідей: Жүйелік жақындау Компоненттік, құрылымдық, функционалды және генетикалық жақындаудың элементтер негізінде қоршаған ортаның жүйелік көріністерінің бастауларын қалыптастыру. Бір-бірімен тығыз байланыста болатын бөлімдерден құралған жүйені біртұтас ретінде түсінік беру, объектінің осы шақтағы, өткен шақтағы және келер шақтағы жағдайын бөліп ала отырып, уақыт және кеңістік туралы түсіндірді. Баяндама қоса тіркелді.

4 мәселе бойынша Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы. Сөйледі: У. Бектыбаева балабақша меңгерушісі - барлық тәрбиешілер жоспарлаған ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізді. Ортаңғы топ тәрбиешісі Н. Кулшанбаева «Достық» тақырыбындағы оқу қызметінде білім беру салаларын кіріктіре отырып жоспарлаған. Балалардың белсенділікті жақсы, сөйлеу мәнері сөздерді байланыстыруы жақсы. Алайда балалардың көпшілігінің кейбір дыбыстарды анық айталмағанын көрдім.

Ұсынысым: барлық топ тәрбиешілері балаларға тақпақтар жаттатқызсын.

Сөйлегендер: Л. Басынбекова әдіскер – «Шырша» тақырыбында А. Омарованың ашық ұйымдастырылған оқу қызметін айтып өтті. Шаттық шеңберін жасады. Балаларға сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, балауызбен жұмыс жасауға жаттықтыруға баулыды. Шырша туралы тақпақтар айтып кеңінен түсіндірді. Жыл мезгіліне тоқталып, ерекшелігін түсіндірді. ойын: «Шыршаны кім жылдам безендіреді?» *Ұсынысым: Балаларға оқу қызметі қызықты болды. Тек тәрбиеші көп сөйледі. балалардың сурет салу техникасын кеңінен үйрету керек, сөйлеу қорын дамыту қажет. Ресустарды сапасын арттыру қажет.*

Сөйледі : меңгеруші У. Бектыбаева пікірін айтып өтті. Тәрбиеші Д. Эшматова «Доп » тақырыбында сурет салу пәнінен оқу қызметін өткізді. Балалармен бірге қимылдар жасай отырып шаттық шеңберін орындады. Арнайы баққа саяхатқа шықты. Әрбір бекетте тапсырмалар тұрды, балалар сол тапсырмаларды орындаса ғана ары қарай жолын жалғастырып отырды. Гүлдердің түстерін айтып, арнайы түрлі-түсті фетрадан жасалған көрнекіліктерді пайдаланып тапсырмалар

орындатты.Балалардың қол маторикасын дамытты.
Ұсынысым: Тәрбиеші оқу қызметін толық ашып көрсету үшін әле де, болса көп жұмыс жасау керек де ойлаймын.
Сөйледі:Психолог Э.Атабаева өз пікірін айтты.

Ересек тобының тәрбиешісі Б.Байтемированың ашық оқу қызметінің жақсы өткеркенін айтты.ұсынысым:балалармен көбнрек шығармашылық жұмыстар орындау қажет екенін айтып өтті.Жиналыс соңынан ортақ шешімге келді.

Шешім :

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
- 2.Балалармен психологиялық ойындар,тренингтер көбірек ұйымдастырлысын.
- 3.Триз технологиясын қолдану арқылы балалардың шығармалығын дамыту жұмыстары жүргізілсін. Жауапты тәрбиешілер.
4. Ашық оқу қызметіндегі ұсыныстар және кемшіліктер жойылсын.

Жиналыс төрайымы:



У.Бектыбаева

Хатшы:

Л.Басынбекова

**Педагогикалық кеңестің
№5 Хаттамасы**

27.05.2022ж

Қатысқандар: 7
Қатыспағаны-0

Меңгеруші: Бектыбаева Улжан Ундурусовна
Әдіскер: Басынбекова Латифа Умиртаевна
Психолог: Атабаева Эльмира Сакеновна
Ән жетекшісі: Алданбаева Зинеп Бейсовна
Тәрбиеші: Кулшанбаева Наргиза Сагикызы
Тәрбиеші: Байтемирова Барно Онгарбайевна
Тәрбиеші: Омарова Атиргул Ануарбековна

Тақырыбы: «2021-2022 оқу жылының қорытындысы»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтер
3. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беру
4. Қорытынды, 2 жарты жылдықтағы мониторингтің қорытындысы
5. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»
6. Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы жөнінде.

Сөйледі: У.Бектыбаева балабақша меңгерушісі - барлық тәрбиешілер жоспарлаған ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізді.

Ортаңғы топ тәрбиешісі Н.Кулшанбаева «Көктем келді» тақырыбындағы оқу қызметінде білім беру салаларын кіріктіре отырып жоспарлаған. Балалардың белсенділікті жақсы, сөйлеу мәнері сөздерді байланыстыруы жақсы. Балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік берді сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде байланыстыра сөйлеуін жетілдіру жұмыстарын орындады. Көктем туралы жаттамақтарды айту арқылы көктемгі құбылыстарды бақылауға үйрету, байқағыштығы мен зейінін, дүниетанымы мен тілін, есте сақтауындамыту; ағаштарды күту мен аялай білуге, достыққа, белсенді болуға тәрбиеледі. Бала тілін көктемдегі өзгерістерді сипаттайтын қарапайым сөз тіркестері менекі-үш сөзден тұратын сөйлемдер арқылы "әдемі", "керек" сөздер арқылы сөздік қорды байытты. Сергіту сәті. "Көктем, көктем" Жаттамақ жаттығуы. Дина Ахметова

"Көктем, көктем". Не керек?" сөздік жаттығуын орындады. тәрбиеші жақсы дайындалғаны көрініп тұр.

Ұсынысым: балаларға тақпақтар жаттатқызсын. Жыл мезгілдеріне байланысты сұрақтарға кідіріп жауап берді. Шығармашылық жұмыстарды көбірек шұғылдану қажет екенін айтып өтті.

Сөйлегендер: Л. Басынбекова әдіскер – «Бір бидай – бес қап» тақырыбында А. Омарованың ашық ұйымдастырылған оқу қызметін айтып өтті. Шаттық шеңберін жасады. Балаларға ертегі кейіпкерлер туралы айтты, тақпақтар аттарымен танысты. Балаларды "Бір бидай – бес қап" атты ертегі мазмұнымен таныстыру, адамның жақсы қасиеттері жөнінде мағлұматтар беру, адам еңбегінің маңызы туралы ұғымдар негіздерін қалыптастыру. Балалардың мәтінді тыңдап, қысқаша ой түйіндеу қабілетін қалыптастыру, елестету, есте сақтау мүмкіндіктерін, байланыстыра сөйлеу қабілетін, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Балалардың аңдардың тіршілігіне, адамның еңбегіне қызығушылықтарын қалыптастыру, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиеледі. "Қапқа бидай жинайық" ұсақ моторикаға арналған жаттығу. Күрнекілік Түлкі мен қашқан тышқанның іздері салынған сурет. Түлкінің және тышқанның табиғаттағы жеке суреттері. Ертегі бойынша слайдтар немесе суреттер болды.

Ұсынысым: Балалармен тәрбиешінің оқу қызметіндегі байланысы жақсы болды. Балалардың қимылы және сөйлеу қорын дамыту қажет. Ертегіні балаларға қызықты болды. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту жаттығу жақсы өтті.

Сөйледі: меңгеруші У. Бектыбаева өз пікірін айтты.

Ересек тобының тәрбиешісі Р. Байтемирова Математика негіздері: «Алан мен Дананың мерекеге дайындалуы Геометриялық пішіндер» тақырыбында оқу қызметін өткізді. Балалармен бірге қимылдар жасай отырып шаттық шеңберін орындады. Балалардың ұғымындағы дөңгелек, шаршы, сопақша, тіктөртбұрыш пішіндері туралы білімдерін жетілдіру; шама эквиваленті туралы түсініктерді тиянақтау; халықтар достығы туралы түсініктерін берді. Балалардың сопақша мен тіктөртбұрыш, дөңгелек пен шаршы сияқты геометриялық пішіндерін беттестіру, қалыңдығын саусақпен өлшеу арқылы салыстыру дағдыларын жетілдіру; өз ойларын іс-тәжірибеде дәлелдеу іскерлігін ұштау; паннода үлгі мен өз нұсқасын салыстыру, қателерді түзетуді үйрету; өз дене мүшелерінің оң және сол жақтарын ажыратуды бекіту; зейін, еске сақтау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, әдептілікке, достыққа тәрбиелеу. Сөздік жұмыс Балаларға «геометриялық пішіндерге ұқсайды», «шаршы дөңгелекті жауып тұр», «тіктөртбұрыш сопақшаны жауып тұр», «ең қалың», «жұқалау», «одан да жұқалау», «ең жұқа», «қалыңдау», «одан да қалыңдау», «оң қолым», «сол қолым» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Аудиожазбаны тыңдау, қимылды жаттығу, көркемсөз, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе

жаттығуы, дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау болды.

Қимылды жаттығу. «Оң қолым мен сол қолым». Балалар алаң ортасына шақырылады. – Балалар, бүгін бізді көптеген қызықтар күтеді. Оң мен сол қолымызды жаттықтырып алайық. 2. Ғажайып сәт. Алан мен Дана келіп тұр. Қолдарында түрлі пішіндерге ұқсайтын жалаулар мен шарлар, үстерінде күнделікті киетін киім үлгілері әкелді. Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы орындалды. «Қалталарға ашық хаттарды салайық». Әр баланың алдына көлемі бірдей, үлкен және кішкентай сопақшалар, тіктөртбұрыштар, дөңгелектер мен шаршы нақпіндерінің жинақтары ұсынылады. Бір балаға геометриялық пішіндердің жалпы саны сегіз, соңында төрт жұп жинақтары пайда болады. Тапсырманы орындады.

Ұсынысым: Тәрбиеші оқу қызметін толық ашып көрсету үшін әле де, болса көп жұмыс жасау керек де ойлаймын. Оқу қызметі жақсы дайындық өтті. Балалар тапсырма орындағанда уақыт көп жұмсады. Шығармашылық жұмысты көбірек шұғылдану қажет.

3.Тыңдалды: Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.

Сөйледі: Әдіскер Л.Басынбекова – «Балабақшада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбындағы шығармашылық жұмысында ата-аналармен қалай байланыс жасау керек. Ата-аналарды балабақша өміріне қалай қызығушылығын арттыруға болады. Баланың отбасындағы ролі жайында айтты.

Тәрбиеші А. Омарова – шығармашылық жұмысының тақырыбы: «Балабақшадағы театр сабақтарының ұйымдастырылуы» тақырыпқа кіріспе жасалған. Саусақ театрының балалардың дамуына ықпал бойынша сөйледі. Саусақ қуыршақтары, театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңіл қол жетімдісі. Саусақ қуыршақ театрының түрлеріне, олардың жасалу жолдарына тоқталды.

Тәрбиеші Н.Кулшанбаева - шығармашылық тақырыбының Сюжеттік ойындар қолдану балалардың ең сүйікті де, табиғи, балаға тән қызмет түрі адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Ойын арқылы ойлау қабілетін, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу. Оқу жылында ойындарды кеңінен қолданғанын айтып өтті.

Мейірбике А.Сайлаубаева - балабақшада балаларды салауатты өмір салтына мен ұқыптылыққа баулу тақырыбындағы шығармашылық жұмысымен таныстырды. Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, қимыл қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, ептілікке баулу белсенділігін арттыру. Денсаулық білім саласында дене шынықтырудың жұмыс түрлері, сабақты ұйымдастыру мен өткізу жолдары, өз бетімен жасайтын қимыл-әрекеттері, денсаулық күндері, таңертеңгі гимнастика, қимылды ойындар шынықтыру шаралары, негізгі қимылдарға тоқталып түсініктемелер жасаған.

Барлық шығармашылық жұмыстар әле де толықтырулар мен іздену, еңбектенуді қажет ететінін айтылды.

4.Тыңдалды: Қорытынды мониторинг туралы.

Сөйледі: **Л.Басынбекова әдіскер** - педагогтарды шеберліктері мен іскерліктерінің бағалану деңгейінің мониторингі жөнінде талқылап өтті. ҚР МЖМС-ның бес білім беру саласының базалық мазмұны балалардың танымдық қабілеттерін, жеке басының бейімділігін қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытудың негізі болып табылады. Осы қажеттіліктерді балаларға дамытуда педагогтарымыздың балаларды зерттеуі, өзін-өзі басқаруы, топтарды безендіруі, ата-анамен жұмыс жүргізуі шығармашылық қабілетін дамытуы күннің ІІ жартысын ұйымдастыруы, еңбекке баулып, серуенде бақылау ұйымдастыруы қандай деңгейде өткізілгені жөнінде баллмен бағаланды. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі балалардың Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының мазмұнын игеру барысында қалыптасатын дағдыларға сәйкес анықталады және балалардың даму индикаторларына сәйкес өлшенеді. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг 10-16 мамыр күндері аралығында балабақшаның 3 тобында жүргізілді. Бақылау парағын әр топқа тәрбиешілер жасады.

«Қошақан» кіші топта балалардың үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы деңгейі І деңгейдегі - 24 %, ІІ деңгей- 52%, ІІІ деңгей-24 %, «Күншуақ» ортаңғы топта І деңгейдегі – 12%, ІІ деңгей- 60%, ІІІ деңгей-28%, «Бәйтерек» ересек топтағы тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы деңгейі І деңгейдегі – 16%, ІІ деңгей- 48%, ІІІ деңгей- 36%, Тәрбиешілердің біліктілік деңгейін анықтау индикаторы бойынша

Омарова А - 3,5,

Н.Кулшанбаева -3,5

Байтемирова Б -4 ,

У.Бектыбаева -4 осындай деңгей көрсетті.

Балабақша тәрбиешілерінің жалпы көрсеткіші 3,7- ІІ деңгей болды.

Балалардың жеке даму картасы жасалды, әдістемелік кабинетте сақталады.

5.Тыңдалды: Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту.

Сөйледі: У.Бектыбаева меңгеруші – жаз мезгілінің басталуына байланысты, балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметтері жеңілдетіледі. Балалардың балабақшадағы уақытың көп бөлігі таза ауда өткізіліп, жазғы сауықтыру шаралары жүргізіледі. Балалармен жазғы оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен кестеге ауысып, негізгі міндеттерімізді жауапкершілікпен атқаруға шақырамын. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қолға алайық, тиімді, қауіпсіз ыңғайлы болуына көңіл бөліп, әрқашан есте сақтайық.

Ауа және күн ванналар қабылдау. Жалаң аяқ құм үстінде жүру

Қимылды ойындар.Мерекелер.Туылған күндер.Ертегілер қойылымы
Еңбекке баулу.Спорттық жарыстар ұйымдастыру жоспарлансын.
Жазғы маусымға арналған іс-шаралар әр алуан, қызықты ұйымдасқан түрде
өткізілсін.

Жазғы маусымдық күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің
кестесін бекіту.Ата-аналар жазғы демалысқа балаларын алып кететін болса
балабақша меңгерушісіне баласынморнын сақталып қалуы үшін өтініш
жазуы керек.Тәрбиешілер ата-аналарыңызға айтыңыздар-деді сөзін
аяқтады,жиналыс соғынан шешім қабылданды.

Шешім:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
 - 2.Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын толықтырып,білімін жетілдіріде
ізденсін.
 3. жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу
қызметтінің кестесіне сай жұмыс жүргізілсін.
- Жауапты әдіскер Л.Басынбекова мен мейірбике А.Сайлаубаева.

Жиналыс төрайымы:



У.Бектыбаева

Хатшы:

Л.Басынбекова